2010 жылғы 02 сәуірдегі № 208 «Азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік төлемдер тағайындау және төлеу нұсқаулығын бекіту туралы» қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 01 наурыздағы N 106 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Үржар аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 29 наурызда N 5-18-113 тіркелді. Күші жойылды - Үржар ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 07 мамырдағы N 181 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Үржар ауданы әкімдігінің 2012.05.07 N 181 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 28 бабына сәйкес, Үржар аудандық әкімдігі

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. 2010 жылғы 02 сәуірдегі № 208 «Азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік төлемдер тағайындау және төлеу нұсқаулығын бекіту туралы» қаулысына (мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылы 14 сәуір № 5-18-93 тіркелген, 2010 жылы сәуірдің 17 № 19-20 «Уақыт тынысы/Пульс времени» газетінде жарияланған) төмендегі толықтыру енгізілсін:

1) қаулының № 1 қосымшасы 7 тармағы «Өкпе ауруымен (тұрақты түрі) ауыратын азаматтарға әлеуметтік көмек тағайындау Үржар ауданы бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының тізімі негізінде. Санаторийге бару, тексерілу және емдеу үшін бір жолғы әлеуметтік көмек - 3000 теңге жылына бір рет, тамақтануға - 9000 теңге тоқсан сайын беріледі» деген сөйлеммен толықтырылсын.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы С. Семеноваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы Қ. Байсинов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК